



QAZAQSTAN RESPÝBLIKASY
PREZIDENTINIŇ JANYNDAǴY
MEMLEKETTİK BASQARÝ AKADEMIASY

ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУ ҚАҒИДАЛАРЫ



2020 ж.

Қазақстан Республикасы
Президентінің жанындағы мемлекеттік
басқару академиясы ректорының
2019 жылғы___желтоқсандағы
№___бұйрығының
1-қосымшасы

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясына оқуға қабылдау қағидалары

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында (бұдан әрі – Академия) білім алушылар контингентін қалыптастыру бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі болып табылатын мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың қаражаты немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған қаржы көздері есебінен оқуға қабылдау рәсімдерінің заңдылығын, жариялығы мен ашықтығын қамтамасыз ету қағидаттары негізінде жүзеге асырылады.

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясына оқуға қабылдаудың осы Қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңдарына және өзге де нормативтік актілерге, Академияның Жарғысына сәйкес әзірленді.

2. Академияға оқуға Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын және Академияға қабылдау қағидаларының 10-тармағының шарттарына сәйкес келетін шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалар қабылданады.

3. Құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау емтихандарын өткізуді, соның ішінде Академияға қабылдауды ұйымдастыру үшін жыл сайын Қабылдау комиссиясы құрылады. Қабылдау комиссиясының құрамы Академия ректорының бұйрығымен бекітіледі.

4. Магистратура және докторантура бағдарламаларына құжаттар қабылдау жыл сайын 1 қаңтардан басталады және шілде айының екіншісі жұмасында Нұр-Сұлтан уақыты бойынша сағат 18.30-да аяқталады.

5. Құжаттарды қабылдау «Электрондық үкімет» веб-порталы арқылы немесе Академияның техникалық хатшысы арқылы жүзеге асырылады.

6. Академия 7M031 Әлеуметтік ғылымдар, 7M041 Бизнес және басқару, 8D031 Әлеуметтік ғылымдар, 8D041 Бизнес және басқару бағыттары бойынша келесідей білім беру бағдарламаларына сәйкес дайындық жүргізеді:

Оқу мерзімі бір жыл:

«Мемлекеттік менеджмент» – Master of Public Management;
«Мемлекеттік менеджмент» өндірістен ажырамай оқу мүмкіндігімен – Master of Public Management, flexible mode;
«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат» – Master of Anti-Corruption Policy;
«Халықаралық қатынастар» – Master of International Relations;
«Адам ресурстарын басқару» – Master of Human Resource Management;
«Өңірлік даму» өндірістен ажырамай оқу мүмкіндігімен – Master of Regional Development.

Оқу мерзімі екі жыл:

«Мемлекеттік басқару» – Master of Public Administration
«Мемлекеттік саясат» – Master of Public Policy;
«Экономика» – Master of Economics;
«Өңірлік даму» – Master of Regional Development;
«Өңірлік көшбасшылық» өндірістен ажырамай оқу мүмкіндігімен – Master of Regional Leadership;

Оқу мерзімі үш жыл:

«Мемлекеттік басқару» – Doctor of Public Administration;
«Экономика» – Doctor of Economics;
«Халықаралық қатынастар» – Doctor of International Relations.

2. Құжаттарды қабылдау тәртібі

1. Оқуға түсу үшін мынадай құжаттар ұсынылады:

7.1. Академияға келу барысында:

1) осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес үлгі бойынша өтініш;

2) жоғары білім туралы құжаттың қосымшаларымен бірге көшірмесі (магистратураға түсу үшін) немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы құжаттың (магистр дипломы) қосымшаларымен бірге көшірмесі (докторантураға түсу үшін);

3) IELTS немесе TOEFL тестін тапсыру туралы сертификаттың көшірмесі немесе осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес үлгі бойынша APTIS немесе *DuolingoEnglishTest тестерін тапсыруға арналған тіркеу формалары (ағылшын тілі оқыту тілі болып табылатын білім беру ұйымдарында дәрежеге ие болған үміткерлер тиісті құжатты көрсеткен жағдайда аталмыш талаптан босатылады);

*2020-2021 академиялық жылына арналған конкурстық іріктеу аясында қатысатын үміткерлер үшін.

4) еңбек қызметін растайтын құжат (Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілері үшін жетістіктер тізімі немесе өзге тұлғалар үшін кадрларды есепке алудың жеке парағы);

5) Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының «денсаулық сақтау ұйымдарының алғашқы медициналық құжатының үлгілерін бекіту туралы» 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу реестрінде 6697 нөмірімен тіркелген) бекітілген 086-У үлгісіндегі медициналық анықтама;

* 2020-2021 академиялық жылына арналған конкурстық іріктеу аясында қатысатын үміткерлер үшін 086-У үлгісіндегі медициналық анықтаманы тапсыру мерзімі 2020 жылдың 1 қыркүйегіне дейін ұзартылсын.

6) осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес үлгі бойынша мемлекеттік органның саяси мемлекеттік қызметшісі немесе жауапты хатшы яки аппарат жетекшісі, ал аталған лауазымдар енгізілмеген мемлекеттік органдарда мемлекеттік орган басшысы қол қойған жолдама (мемлекеттік білім тапсырысы бойынша оқуға түсетіндер үшін);

7) магистратура бағдарламаларының үміткерлері үшін – осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес үлгі бойынша екі эссе;

докторантура бағдарламаларының үміткерлері үшін – эссе, зерттеу жұмысының жоспары (research proposal) және бар болған жағдайда осы Қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес үлгі бойынша ғылыми еңбектердің тізімі.

Үміткерлер Қабылдау комиссиясына тексеріс үшін осы тармақта көрсетілген құжаттардың түпнұсқаларын тапсырады. Осы тармақтың 4) тармақшасында көрсетілген құжаттарды жұмыс орны бойынша куәландыру қажет.

7.2. Порталға жүгіну кезінде:

1) осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес үлгі бойынша электрондық құжат түріндегі өтініш;

2) жоғары білім туралы құжаттың қосымшалары қоса берілген электрондық көшірмесі (магистратураға түсу үшін) немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы құжаттың қосымшалары қоса берілген электрондық (докторантураға түсу үшін);

3) IELTS немесе TOEFL тестін тапсыру туралы сертификаттың электрондық көшірмесі немесе осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес үлгі бойынша APTIS және *DuolingoEnglishTest тестерін тапсыруға арналған тіркеу формалары (ағылшын тілі оқыту тілі болып табылатын білім беру ұйымдарында дәрежеге ие болған үміткерлер тиісті құжатты көрсеткен жағдайда аталмыш талаптан босатылады);

* 2020-2021 академиялық жылына арналған конкурстық іріктеу аясында қатысатын үміткерлер үшін.

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың (Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілері үшін жетістіктер тізімі немесе өзге тұлғалар үшін кадрларды есепке алудың жеке парағының) электрондық көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының «Денсаулық сақтау ұйымдарының алғашқы медициналық құжатының үлгілерін бекіту туралы» 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу реестрінде 6697 нөмірімен тіркелген) бекітілген 086-У үлгісіндегі медициналық анықтаманың электрондық көшірмесі;

* 2020-2021 академиялық жылына арналған конкурстық іріктеу аясында қатысатын үміткерлер үшін 086-У үлгісіндегі медициналық анықтаманы тапсыру мерзімі 2020 жылдың 1 қыркүйегіне дейін ұзартылсын.

6) осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес үлгі бойынша мемлекеттік органның саяси мемлекеттік қызметшісі немесе жауапты хатшы яки аппарат жетекшісі, ал аталған лауазымдар енгізілмеген мемлекеттік органдарда мемлекеттік орган басшысы қол қойған жолдаманың электрондық көшірмесі (мемлекеттік білім тапсырысы бойынша оқуға түсетіндер үшін);

7) магистратура бағдарламаларының үміткерлері үшін – осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес үлгі бойынша екі эссенің электрондық көшірмелері;

Докторантура бағдарламаларының үміткерлері үшін – эссенің, зерттеу жұмысы жоспарының (research proposal) және бар болған жағдайда осы Қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес үлгі бойынша ғылыми еңбектер тізімінің электрондық көшірмелері.

8. Шетелдік оқу орындары берген білім туралы құжаттар қазақ немесе орыс тілдеріндегі нотариалды расталған аудармасымен бірге ұсынылады. Бұл құжаттар Академияға оқуға қабылданған күннен бастап үш ай ішінде нострификациялау рәсімінен өтуі тиіс.

9. Шетелдік жоғары оқу орындарының Қазақстан Республикасының азаматтарына – «Болашақ» халықаралық стипендиясының иегерлеріне берген, сондай-ақ халықаралық шарттар (келісімдер) шеңберіндегі білім туралы құжаттары Қазақстан Республикасында тану немесе нострификациялау рәсімінен өтпей-ақ танылады.

Оқуға қабылданғанға дейін талапкерлер осы тармақта көрсетілген құжаттардың түпнұсқаларын Қабылдау комиссиясына салыстырып тексеру үшін ұсынады. Тексеруден кейін түпнұсқалар қайтарылып беріледі.

3. Оқуға түсу үшін қойылатын талаптар

10. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша магистратура мен докторантура бағдарламаларына оқуға түсетін тұлғалар Академияға оқуға түсу сәтінде жұмыс істеп жүрген мемлекеттік қызметшілер болуы және оқуға түсу кезінде бос мемлекеттік лауазымды атқармауы тиіс.

Магистратураның бағдарламаларына оқуға түсетін тұлғаларға қойылатын талаптар:

Оқу мерзімі бір жыл:

«Мемлекеттік менеджмент» (Master of Public Management):

құжатты тапсыру мерзімінде мемлекеттік органдарда кемінде бес жыл мемлекеттік қызметте, соның ішінде кемінде бір жыл басқарушылық лауазымда еңбек өтілінің болуы;

құжатты тапсыру мерзіміне жарамды болып табылатын келесі нәтижедегі сертификаттардың бірінің болуы: IELTS кемінде 4,5 балл, TOEFL PBT кемінде 477 немесе TOEFL IBT кемінде 53, Duolingo English Test емтиханының нәтижелері 65 балдан кем емес;

дәрежесінен төмен емес және IELTS бойынша кемінде 4,5 балға сәйкес келетін нәтижеге жету.

«Мемлекеттік менеджмент» өндірістен ажырамай оқу (Master of Public Management, flexible mode):

құжатты тапсыру мерзімінде мемлекеттік органдарда кемінде бес жыл мемлекеттік қызметте, соның ішінде кемінде бір жыл басқарушылық лауазымда еңбек өтілінің болуы;

құжатты тапсыру мерзіміне жарамды болып табылатын келесі нәтижедегі сертификаттардың бірінің болуы: IELTS кемінде 4,5 балл, TOEFL PBT кемінде 477 немесе TOEFL IBT кемінде 53, Duolingo English Test емтиханының нәтижелері 65 балдан кем емес;

жоғарыда аталған сертификаттар болмаған жағдайда – төрт дағды (ауызекі сөйлеу, жазу, оқу және тыңдау) бойынша APTIS тілдік тестілеуден өте отырып, B1 (CEFR) дәрежесінен төмен емес және IELTS бойынша кемінде 4,5 балға сәйкес келетін нәтижеге жету;

«Мемлекеттік менеджмент» білім беру бағдарламасында өндірістен ажырамай оқу (Master of Public Management, flexible mode) қаржыландырудың өзге қайнаркөздері есебінен жүргізіледі.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат» (Master of Anti-Corruption Policy):

- мемлекеттік қызметшілер үшін: құжаттарды тапсыру сәтінде мемлекеттік қызмет өтілі үш жылдан кем емес, оның ішінде мемлекеттік қызметте басшылық лауазымда бір жылдан кем емес және/немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметте үш жылдан кем емес, оның ішінде құқық қорғау органдары жүйесінде басшылық лауазымда бір жылдан кем емес және/немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама саласында, сондай-ақ өз қатарында кіші әділет кеңесшісі және одан жоғары немесе аға офицерлік құрам лауазымында үш жылдан кем емес, және/немесе Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдарында бейінді ведомстволар мен аға офицерлік құрамның өзге де қызметтерінде жұмыс өтілінің үш жылдан кем емес және/немесе аға офицерлік құрамдағы ішкі істер органдарының өзіндік қауіпсіздік бөлімшелерінде кемінде үш жыл қызмет өтілінің болуы;

мынадай нәтижелері бар келесідей сертификаттардың бірінің болуы: құжаттарды тапсыру сәтінде әрекет ететін IELTS кемінде 4,0 балл, TOEFL PBT кемінде 437 немесе TOEFL IBT кемінде 41, Duolingo English Test емтихан нәтижелері кемінде 55 балл;

жоғарыда көрсетілген сертификаттар болмаған жағдайда - B1 (CEFR) деңгейінен төмен емес және 4,0 балдан кем емес IELTS эквивалентіне сәйкес келетін төрт дағды бойынша (айтылым, жазылым, оқылым және тыңдалым) APTIS тілдік тестілеуін тапсыру нәтижесіне қол жеткізу;

«Халықаралық қатынастар» (Master of International Relations):

құжаттарды тапсыру сәтінде Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінде не басқа мемлекеттік органдардың халықаралық ынтымақтастық

бөлімшелерінде кемінде екі жыл жұмыс өтілінің болуы;

мынадай нәтижелері бар келесідей сертификаттардың бірінің болуы: құжаттарды тапсыру сәтінде әрекет ететін IELTS кемінде 4,0 балл, TOEFL PBT кемінде 437 немесе TOEFL IBT кемінде 41, Duolingo English Test емтихан нәтижелері кемінде 55 балл;

жоғарыда көрсетілген сертификаттар болмаған жағдайда - B1 (CEFR) деңгейінен төмен емес және 4,0 балдан кем емес IELTS эквивалентіне сәйкес келетін төрт дағды бойынша (айтылым, жазылым, оқылым және тыңдалым) APTIS тілдік тестілеуін тапсыру нәтижесіне қол жеткізу;

«Адами ресурстарды басқару» (Master of Human Resources Management):

Құжаттарды тапсыру сәтінде кемінде бір жыл мемлекеттік қызмет өтілінің болуы;

мынадай нәтижелері бар келесідей сертификаттардың бірінің болуы: құжаттарды тапсыру сәтінде әрекет ететін IELTS кемінде 4,0 балл, TOEFL PBT кемінде 437 немесе TOEFL IBT кемінде 41, Duolingo English Test емтихан нәтижелері кемінде 55 балл;

жоғарыда көрсетілген сертификаттар болмаған жағдайда - B1 (CEFR) деңгейінен төмен емес және 4,0 балдан кем емес IELTS эквивалентіне сәйкес келетін төрт дағды бойынша (айтылым, жазылым, оқылым және тыңдалым) APTIS тілдік тестілеуін тапсыру нәтижесіне қол жеткізу;

«Өңірлік даму» (Master of Regional Development):

Құжаттарды тапсыру сәтінде жергілікті атқарушы органдарда кемінде бір жыл мемлекеттік қызмет өтілінің болуы;

мынадай нәтижелері бар келесідей сертификаттардың бірінің болуы: құжаттарды тапсыру сәтінде әрекет ететін IELTS кемінде 4,0 балл, TOEFL PBT кемінде 437 немесе TOEFL IBT кемінде 41, Duolingo English Test емтихан нәтижелері кемінде 55 балл;

жоғарыда көрсетілген сертификаттар болмаған жағдайда - B1 (CEFR) деңгейінен төмен емес және 4,0 балдан кем емес IELTS эквивалентіне сәйкес келетін төрт дағды бойынша (айтылым, жазылым, оқылым және тыңдалым) APTIS тілдік тестілеуін тапсыру нәтижесіне қол жеткізу;

«Өңірлік даму» (Master of Regional Development) білім беру бағдарламасында оқыту басқа қаржыландыру көздері есебінен жүзеге асырылады.

оқу мерзімі екі жыл:

«Мемлекеттік басқару» (Master of Public Administration):

Құжаттарды тапсыру сәтінде кемінде үш жыл мемлекеттік қызмет өтілінің, оның ішінде мемлекеттік қызметтегі басшылық лауазымда кем дегенде бір жыл мемлекеттік қызмет өтілінің болуы;

мынадай нәтижелері бар келесідей сертификаттардың бірінің болуы: құжаттарды тапсыру сәтінде әрекет ететін IELTS кемінде 4,5 балл, TOEFL PBT кемінде 477 немесе TOEFL IBT кемінде 53 балл, Duolingo English Test емтихан нәтижелері кемінде 65 балл;

жоғарыда көрсетілген сертификаттар болмаған жағдайда - B1 (CEFR) деңгейінен төмен емес және 4,5 балдан кем емес IELTS эквивалентіне сәйкес келетін төрт дағды бойынша (айтылым, жазылым, оқылым және тыңдалым) APTIS тілдік тестілеуін тапсыру нәтижесіне қол жеткізу;

«Мемлекеттік саясат» (Master of Public Policy) және «Экономика» (Master of Economics):

Құжаттарды тапсыру сәтінде кемінде бір жыл мемлекеттік қызмет өтілінің болуы;
мынадай нәтижелері бар келесідей сертификаттардың бірінің болуы: құжаттарды тапсыру сәтінде әрекет ететін IELTS кемінде 4,0 балл, TOEFL PBT кемінде 437 немесе TOEFL IBT кемінде 41, Duolingo English Test емтихан нәтижелері кемінде 55 балл;

жоғарыда көрсетілген сертификаттар болмаған жағдайда - B1 (CEFR) деңгейінен төмен емес және 4,0 балдан кем емес IELTS эквивалентіне сәйкес келетін төрт дағды бойынша (айтылым, жазылым, оқылым және тыңдалым) APTIS тілдік тестілеуін тапсыру нәтижесіне қол жеткізу;

«Өңірлік даму» (Master of Regional Development):

Құжаттарды тапсыру сәтінде жергілікті атқарушы органдарда кемінде бір жыл мемлекеттік қызмет өтілінің болуы;

мынадай нәтижелері бар келесідей сертификаттардың бірінің болуы: құжаттарды тапсыру сәтінде әрекет ететін IELTS кемінде 4,0 балл, TOEFL PBT кемінде 437 немесе TOEFL IBT кемінде 41, Duolingo English Test емтихан нәтижелері кемінде 55 балл;

жоғарыда көрсетілген сертификаттар болмаған жағдайда - B1 (CEFR) деңгейінен төмен емес және 4,0 балдан кем емес IELTS эквивалентіне сәйкес келетін төрт дағды бойынша (айтылым, жазылым, оқылым және тыңдалым) APTIS тілдік тестілеуін тапсыру нәтижесіне қол жеткізу;

«Өңірлік көшбасшылық» (Master of Regional Leadership):

Құжаттарды тапсыру сәтінде кемінде үш жыл мемлекеттік қызмет өтілінің болуы, сондай-ақ еңбек қызметін растайтын құжаттардың негізінде оқуға түсу кезінде басшылау азымында болуы;

мынадай нәтижелері бар келесідей сертификаттардың бірінің болуы: құжаттарды тапсыру сәтінде әрекет ететін IELTS кемінде 4,0 балл, TOEFL PBT кемінде 437 немесе TOEFL IBT кемінде 41, Duolingo English Test емтихан нәтижелері кемінде 55 балл;

жоғарыда көрсетілген сертификаттар болмаған жағдайда - B1 (CEFR) деңгейінен төмен емес және 4,0 балдан кем емес IELTS эквивалентіне сәйкес келетін төрт дағды бойынша (айтылым, жазылым, оқылым және тыңдалым) APTIS тілдік тестілеуін тапсыру нәтижесіне қол жеткізу;

«Өңірлік көшбасшылық» (Master of Regional Leadership) білім беру бағдарламасында оқыту басқа қаржыландыру көздері есебінен жүзеге асырылады.

Докторантура бағдарламаларына оқуға түсетін адамдарға қойылатын талаптар:

«Мемлекеттік басқару» (Doctor of Public Administration):

Магистр дәрежесі туралы құжаттың болуы;

Кемінде үш жыл мемлекеттік қызмет өтілінің болуы;

мынадай нәтижелері бар келесідей сертификаттардың бірінің болуы: құжаттарды тапсыру сәтінде әрекет ететін IELTS кемінде 5.5, TOEFL PBT кемінде 513 немесе TOEFL IBT кемінде 65, Duolingo English Test емтихан нәтижелері кемінде 85 балл;

жоғарыда көрсетілген сертификаттар болмаған жағдайда – B2 (CEFR) деңгейінен төмен емес және 5,5 балдан кем емес IELTS эквивалентіне сәйкес келетін төрт дағды бойынша (айтылым, жазылым, оқылым және тыңдалым) APTIS тілдік тестілеуін тапсыру нәтижесіне қол жеткізу;

«Экономика» (Doctor of Economics):

мына мамандықтардың бірі бойынша магистр дәрежесі туралы құжаттың болуы: «Экономика», «Менеджмент», «Есеп және аудит», «Қаржы», «Мемлекеттік және жергілікті басқару», «Маркетинг», «Статистика», «Әлемдік экономика», «Бағалау», «Бизнес және басқару», «Бизнеске, басқаруға және құқыққа байланысты пәнаралық бағдарламалар»;

кемінде үш жыл мемлекеттік қызмет өтілінің болуы;

мынадай нәтижелері бар келесідей сертификаттардың бірінің болуы: құжаттарды тапсыру сәтінде әрекет ететін IELTS кемінде 5.5, TOEFL PBT кемінде 513 немесе TOEFL IBT кемінде 65, Duolingo English Test емтихан нәтижелері кемінде 85 балл;

жоғарыда көрсетілген сертификаттар болмаған жағдайда – B2 (CEFR) деңгейінен төмен емес және 5,5 балдан кем емес IELTS эквивалентіне сәйкес келетін төрт дағды бойынша (айтылым, жазылым, оқылым және тыңдалым) APTIS тілдік тестілеуін тапсыру нәтижесіне қол жеткізу;

«Халықаралық қатынастар» (Doctor of International Relations):

мына мамандықтардың бірі бойынша магистр дәрежесі туралы құжаттың болуы: «Халықаралық қатынастар», «Әлемдік экономика», «Халықаралық құқық», «Аймақтану», «Тарих», «Саясаттану», «Шығыстану», «Халықаралық журналистика», «Әлеуметтік ғылымдар»;

кемінде үш жыл мемлекеттік қызмет өтілінің болуы;

мынадай нәтижелері бар келесідей сертификаттардың бірінің болуы: құжаттарды тапсыру сәтінде әрекет ететін IELTS кемінде 5.5, TOEFL PBT кемінде 513 немесе TOEFL IBT кемінде 65, Duolingo English Test емтихан нәтижелері кемінде 85 балл;

жоғарыда көрсетілген сертификаттар болмаған жағдайда – B2 (CEFR) деңгейінен төмен емес және 5,5 балдан кем емес IELTS эквивалентіне сәйкес келетін төрт дағды бойынша (айтылым, жазылым, оқылым және тыңдалым) APTIS тілдік тестілеуін тапсыру нәтижесіне қол жеткізу;

11. Қазақстандық, шетелдік және халықаралық ұйымдар бөлген қаражат есебінен оқуға түсуші Қазақстан Республикасының азаматтарына осы Қағидалардың 11-тармағында көрсетілген талаптар қолданылады.

Қазақстандық, шетелдік және халықаралық ұйымдар бөлген қаражат есебінен оқуға түсуші шет мемлекеттердің азаматтарына осы Қағидалардың 11-тармағында көрсетілген еңбек өтілі мен ағылшын тілін білу деңгейі бойынша талаптар қолданылады.

Мемлекеттік қызметшілер болып табылмайтын талапкерлерге және жеке мен заңды тұлғалардың қаражаты есебінен оқу түсушілерге мемлекеттік қызмет өтіліне қойылатын талаптарды қоспағанда, осы Қағидалардың 11-тармағының талабы қолданылады.

12. Бұрын мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алған азаматтар білімнің ұқсас деңгейінде білім беру тапсырысы бойынша конкурсқа қайта қатыса алмайды.

13. Академия кез келген қабылдау кезеңінде талапкерлер дұрыс емес құжаттар мен/немесе мәліметтер ұсынғаны анықталған жағдайда құжаттарды қабылдаудан бас тартуға құқылы.

4. Конкурс өткізу тәртібі

14. Конкурс өткізу рәсімі мынадай кезеңдерден тұрады:

1) талапкерлер ұсынған құжаттарды олардың талаптарға сәйкестігін тексеру үшін 5 жұмыс күні ішінде қарастыру. Осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаған тұлғаның тегі және аты-жөнінің бірінші әріптерін, күні мен уақытын көрсете отырып, техникалық хатшы берген талон құжаттарды қабылдаудың расталуы болып табылады. Талапкердің осы Қағидалармен қарастырылған тізбеге сәйкес құжаттардың толық емес пакетін және (немесе) әрекет ету мерзімі өткен құжаттарды ұсынуы жағдайында техникалық хатшы осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

2) талапкерлер ұсынған эссені, зерттеу жұмысының жоспарын (докторантура бағдарламасына түсетіндер үшін) бағалау;

3) қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде сұхбаттасу, оның барысында ситуациялық тапсырмалар – кейстерді шешу арқылы жеке және кәсіби құзыреттері анықталады.

Академияға оқуға қабылдау туралы шешім қорытынды баға негізінде қабылданады. Қорытынды баға эссені бағалау және сұхбаттасу нәтижелерін олардың үлес салмағын ескере отырып, қосу арқылы алынған балл жиынтығын білдіреді.

Екі және одан көп талапкерлердің қорытынды баға балдарының тең болуы жағдайында басымдылық сұхбаттасудан жоғары балмен өткен талапкерге беріледі.

Сұхбаттасу процесі видео немесе аудио жазба арқылы жүргізіледі.

15. Білім беру бағдарламалары бойынша емтихан комиссиялары жыл сайын құрылады, ол Қазақстан Республикасы Парламентінің және қалалар мен облыстар мәслихаттарының депутаттарынан, мемлекеттік органдардың, квазимемлекеттік және үкіметтік емес ұйымдардың, ұлттық және халықаралық компаниялардың, ЖОО-дары мен ғылыми-зерттеу мекемелері өкілдерінен сырттай сарапшыларды қоса алғанда, кемінде бес мүшеден тұрады.

Емтихан комиссияларының құрамы мен жұмыс тәртібі Академия ректорының бұйрығымен бекітіледі.

16. Талапкер білім беру бағдарламаларының біріне құжаттар тапсырады және сол таңдаған бағдарламасы бойынша конкурстық рәсімдерден өтеді. Сұхбаттасудан қайтадан өтуге рұқсат етілмейді.

5. Магистратура мен докторантураға қабылдау тәртібі

17. Конкурс қорытындылары бойынша оқуға түсу сынақтарынан сәтті өткен талапкерлер ішінен, жинаған балдары азаю тәртібінде сараланған білім беру бағдарламалары бойынша адамдардың тізімі жасалады.

Егер оқуға қабылданған талапкер әртүрлі себептермен оқи алмайтын болса, оның бос орнына тізім бойынша тұрған келесі адам қабылданады.

Академияда оқуға қабылданған талапкерді оқыту талапкердің немесе талапкерді

оқуға жіберген мемлекеттік органның жазбаша өтініші негізінде тоқтатылуы мүмкін.

Мұндай жағдайларда бос орынға білім беру бағдарламалары бойынша жасалған адамдар тізіміне сәйкес кезектегі талапкер оқуға қабылдануға құқылы.

Магистранттар мен докторанттар қатарына қабылдауды осы Қағидалардың талаптарын ескере отырып, конкурс қорытындылары бойынша Қабылдау комиссиясы жүзеге асырады.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары (магистратура, докторантура) бойынша білім алушылар қатарына қабылдау Академия ректорының бұйрығынан үзінді көшірмемен расталады.

Академияның білім алушылары қатарына қабылданбаған талапкерлерге осы Қағидалардың 8-қосымшасына сәйкес нысан бойынша оқуға қабылданбағаны туралы хабарлама жолданады.

Портал арқылы құжаттар тапсырған жағдайда - мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі электронды құжат нысанында «жеке кабинетке» жолданады.

18. Қабылдау комиссиясының магистранттар мен докторанттарды қабылдау туралы шешімі Академия ректорының бұйрығымен құжаттарды қабылдауды аяқтау сәтінен бастап 29 (жиырма тоғыз) күнтізбелік күн ішінде бекітіледі.

19. Академияға қабылдаудан кейін:

1) Академия мен жеке тұлғалардың қаражаты есебінен оқуға қабылданған тұлға арасында осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екі жақты шарт;

2) Академия, оқуға қабылданған тұлға және аталған тұлғаны Академияға оқуға жіберген мемлекеттік орган арасында мемлекеттік органда жұмыс істеу арқылы өтеу жағдайлары мен оның мониторингі көрсетіле отырып, осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша үш жақты шарт;

3) Академия, оқуға қабылданған тұлға және аталған тұлғаны Академияға оқуға жіберген заңды тұлға арасында осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша үш жақты шарт;

4) Академия, оқуға қабылданған тұлға, қор-әріптес және аталған тұлғаны Академияға оқуға жіберген мемлекеттік орган арасында осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша төрт жақты шарт жасалады.

5) осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Академия, өндірістен қол үзбей оқытудың модульдік технологиясы бойынша оқуға қабылданатын адам және осы адамды Академияға оқуға жіберген заңды тұлға арасындағы үш жақты шарт;

6) осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Академияның және жеке қаражаты есебінен, өндірістен қол үзбей оқытудың модульдік технологиясы бойынша оқуға қабылданатын адамның арасындағы екі жақты шарт.

Қазақстан Республикасы
Президентінің жанындағы
Мемлекеттік басқару
академиясына оқуға
қабылдау қағидаларына
1-қосымша

Қазақстан Республикасы
Президентінің жанындағы
Мемлекеттік басқару
академиясының ректоры
Е.Қ. Әбілге

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

_____ тұратын

_____ (тұрғылықты жерінің мекенжайын көрсету)

жеке куәлік немесе төлқұжат мәліметтері _____

_____ (№, қашан және кім берді, әрекет ету мерзімі)

Өтініш

Мені _____ бағдарламасы бойынша
_____ мамандығы бойынша
_____ (мамандықты көрсетіңіз)

_____ жыл оқу мерзімімен магистратураға/докторантураға бюджеттік/ ақылы
негізде

_____ (қажеттісінің астын сызыңыз)

оқуға түсу үшін қабылдау емтихандарына жіберуіңізді сұраймын.

Өзім туралы мына мәліметтерді хабарлаймын:

1. туған күні (күні, айы, жылы) _____
2. ұлты _____
3. азаматтығы _____
4. жынысы _____
5. отбасы жағдайы _____
6. ЖОО-ның атауы, мамандығы және бітірген жылы _____
- _____
7. жұмыс орны _____

8. лауазымы _____
9. жалпы еңбек өтілі _____, оның ішінде мемлекеттік қызметтегі өтілі _____
10. саяси немесе әкімшілік мемлекеттік қызметші
(қажеттісінің астын сызыңыз)
11. кім жіберді (жолдамасы болған жағдайда) _____
12. телефон нөмірлері:
қызметтік _____
үй _____
ұялы _____
қосымша байланыс _____
13. электрондық пошта адресі: _____
14. жатақхана қажет/қажет емес (қажеттісінің астын сызыңыз)

Мен күмәнді мәліметтерді берген жағдайда, бұл жайт қабылдау емтихандарына жібермеуге немесе кейіннен Академиядан оқудан шығаруға негіз болатындығы туралы хабардармын және мұнымен келісемін.

Академияға оқуға қабылдау қағидаларының талаптарымен таныстым және оларды сақтауға міндеттенемін.

20__ ж. «__» _____

Қолы

Қазақстан Республикасы
Президентінің жанындағы
Мемлекеттік басқару академиясы
ректорының 2020 жылғы «____»
____ бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасы
Президентінің жанындағы
Мемлекеттік басқару
академиясына оқуға қабылдау
қағидаларына
2-қосымша

Үлгі

Қазақстан Республикасы
Президентінің жанындағы
Мемлекеттік басқару
академиясының ректоры
Е.Қ. Әбілге

**APTIS/Duolingo English Test тестін тапсыруға арналған тіркеу
нысаны**

Мен, _____ 20__ жылғы
(үміткердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

«____» _____
(ұйымның атауы)

APTIS/DuolingoEnglishTest тестін тапсыруға мені тіркеуіңізді сұраймын.

APTIS/DuolingoEnglishTest тестін тапсырап алдында Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының (бұдан әрі – Академия) Қабылдау комиссиясына растайтын құжаттарды 201__ жылғы

«____» _____ дейінгі мерзімде қолма-қол беруге немесе электрондық поштаға жіберуге міндеттелемін.

Мен Қабылдау комиссиясына растайтын құжаттарды дер кезінде өткізбеген жағдайда APTIS/DuolingoEnglishTest тестін тапсыруға рұқсат етілмейтіндігі туралы хабардармын.

Менің _____ APTIS/DuolingoEnglishTest тестін
(ұйымның атауы)

тапсыру бойынша нәтижелерімнің Академияның Қабылдау комиссиясына ұсынылуына келісемін.

Академияға оқуға қабылдау қағидаларының талаптарымен таныстым және оларды сақтауға міндеттелемін.

Келесі мәліметтерді растаймын:

_____ (же
ке куәлік немесе төлқұжат бойынша тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), анық, баспа
әріптерімен)

Жеке куәлік немесе төлқұжат бойынша Т.А.Ә. анық, баспа әріптерімен

_____ (жеке куәлік немесе төлқұжат бойынша тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) ағылшын
тілінде, анық, баспа әріптерімен)

Жеке куәлік немесе төлқұжат (нөмірі, кім және қашан берді, жарамдылық
мерзімі)

_____ ЖСН (болған жағдайда) _____

Үй мекенжайы индекспен бірге: _____

Ұялы телефон: _____

Қалалық телефон: _____

Электрондық пошта адресі: _____

20__ ж. «__» _____

_____ (қолы)

Қазақстан Республикасы Президентінің
жанындағы Мемлекеттік басқару
академиясына оқуға
қабылдау қағидаларына
3-қосымша
Нысан (фирмалық бланкіде толтырылады)

**Қазақстан Республикасы
Президентінің жанындағы
Мемлекеттік басқару
академиясы**

Жолдама

(қызметкерді оқуға жіберетін мемлекеттік органның немесе ұйымның атауы)

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), лауазымы, санаты, өтілі)
магистратураға/докторантураға (қажеттісін сызып көрсету)

_____ бағдарламасы бойынша
_____ мамандығы бойынша 1
жылдық /2 жылдық / 3 жылдық оқу мерзіміне (қажеттісін сызып көрсету) оқуға
жібереді.

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару
академиясына _____ оқуға _____ түсу
жағдайында _____

(қызметкерді оқуға жіберуші мемлекеттік органның немесе ұйымның атауы)

(оқу түсушінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

магистрлік жоба (бір жылдық оқу мерзімі үшін) / магистрлік диссертация (екі
жылдық оқу мерзімі үшін) / докторлық диссертация (үш жылдық оқу мерзімі
үшін) шеңберінде _____

(зерттеу тақырыбы)

мәселесіне зерттеу жүргізуді тапсырады.

Талапкер оқуға қабылданған жағдайда, Академия, оқуға жіберген
мемлекеттік орган/ұйым, және білім алушы арасында үш жақты шарт жасасуға
кепілдік береміз.

«_____» _____ 20__ ж.

(лауазымы)

(қолы)

(мемлекеттік органның саяси мемлекеттік
қызметшісінің немесе жауапты хатшысының
не аппарат басшысының, жоғарыда аталған
лауазымдар енгізілмеген мемлекеттік
органдарда мемлекеттік орган басшысының
тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

**Магистрлік жобалар мен докторлық диссертацияларға ұсынылатын тақырыптар тізімі*

I - Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті жоғарылату және мемлекеттік қызметшілердің этикасы саласындағы зерттеулер

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және парасаттылық негіздері
2. Қазақстандық жоғары оқу орындарының айқындылығы мен ашықтығы
3. НҚА жобаларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптама жүргізу қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың құрамдас элементі ретінде
4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар және ұйымдардағы комплаенс-бақылау: халықаралық тәжірибе және ҚР-да қолдану келешегі
5. Мемлекеттік қызметті этикаландыру: жаңа тәсілдері мен шешімдер

II - HR-менеджмент саласындағы зерттеулер

1. Мемлекеттік және квазимемлекеттік секторлар ұйымдарының HR-процестерінің жетілу деңгейін бағалау, оның жұмыс беруші ретіндегі ұйымның тартымдылығына және қызмет тиімділігіне әсері

III - Қазақстан Республикасының мемлекеттік секторындағы басқару тиімділігін бағалау саласындағы зерттеулер

2. Орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар қызметінің тиімділігін бағалау
3. Мемлекеттік органдардың халықпен кері байланыс жүйесінде жергілікті өзін-өзі басқару институттарын дамыту
4. Мемлекеттік қызмет жүйесіндегі сенім философиясы

IV - Тұрақты даму мақсаттары (ТДМ) саласындағы зерттеулер

1. Мемлекеттік қызметшілердің хабардар болуын кеңейту арқылы ТДМ-ның индикаторларына қол жеткізуге жәрдемдесу

V - Экономиканы, 4.0 индустрияны, кәсіпкерлікті технологиялық жаңғырту мен тұрақты дамудың өзекті экономикалық, институционалдық проблемаларын зерттеу

VI - Әлеуметтік жаңғырту, демография, адам әлеуеті, еңбек нарығы және еңбек қатынастары саласындағы зерттеу

VII - Институционалдық жаңғыртудың әлеуметтік, саяси, құқықтық аспектілерін зерттеу

VIII - Қазіргі халықаралық қатынастардың, жаһандық және өңірлік геосаяси, геоэкономикалық процестердің өзекті мәселелерін зерттеу

Ескерту: Курсивпен белгіленгендер - жоба тақырыптары, курсивпен белгіленбегендері - кіші жобалар. Сонымен қатар, соңында ҚР БҒМ-нің қоғамдық ғылымдар бойынша гранттық қаржыландыруына кіретін тақырыптар курсивпен көрсетілген.

Қазақстан Республикасы
Президентінің жанындағы
Мемлекеттік басқару
академиясына оқуға
қабылдау қағидаларына
4-қосымша

Нысан

Эссе

*Эссе жазу бойынша магистратураға оқуға
түсуші тұлғаларға арналған ұсынымдар*

1. Мотивациялық эссе

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясына оқуға түсу себептері мен дәлелдері көрсетілуі қажет. Мемлекеттік қызметтегі жеке мансаптық жоспарлау мақсаттары мен міндеттеріне магистратура бағдарламасының қаншалықты сәйкес келетінін, оқу аяқталғаннан кейін меңгерген білімі мен құзыреттерін кәсіби қызметте қалай пайдалануға болатынын түсіндіру қажет. Эссе көлемі 500 сөзден аспауы тиіс.

2. Мамандық бойынша берілген тақырыпқа эссе.

Эссе мақсаты сыни ойлау, академиялық жазу және пәндік саланы кәсіби түсіну дағдыларын көрсету. Эссе көлемі 500 сөзден (библиографияны қоспағанда) аспауы тиіс.

Талаптар:

1) эссе құрылымы кіріспеден, негізгі және қорытынды бөлімдерден тұрады;

2) эссе берілген тақырып бойынша нормативтік-құқықтық актілерді, мемлекеттік бағдарламалық құжаттарды, ғылыми және басқа дереккөздерді талдауды қамтиды;

3) эсседе ойды логикалық және дәлелді баяндау дағдыларын меңгергені көрсетіледі;

4) қажет болған жағдайда, әртүрлі талдау әдістері, мысалы, «шығындар-пайдалар» (*cost-benefit analysis*) талдауы, *pest*-талдау (*pest-analysis*), көптеген критерийлер бойынша шешімдерді талдау (*multi-criteria decision analysis*) және басқалар қолданылады;

5) дереккөздерге кемінде бес сілтемеден тұратын библиография көрсетіледі.

(Талапкердің тегі, аты, әкесінің аты
(болған жағдайда))

Қазақстан Республикасы
Президентінің жанындағы
Мемлекеттік басқару
академиясына оқуға
қабылдау қағидаларына
5-қосымша

Нысан

Эссе

*Мотивациялық эссе жазу бойынша докторантураға
оқуға түсушілерге арналған ұсынымдар*

Мотивациялық эсседе Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясына оқуға түсу себептері мен дәлелдері көрсетілуі қажет. Мемлекеттік қызметтегі жеке мансаптық жоспарлау мақсаттары мен міндеттеріне докторантура бағдарламасының қаншалықты сәйкес келетінін, оқу аяқталғаннан кейін меңгерген құзыреттері мен зерттеу нәтижелерін кәсіби қызметте қалай пайдалануға болатынын түсіндіру талап етіледі. Эссе көлемі 500 сөзден аспауы тиіс.

Зерттеу жұмысының жоспары (research proposal)

*Зерттеу жұмысының жоспарын (research proposal)
рәсімдеу бойынша нұсқаулық*

Зерттеу жоспары конкурстық комиссияның мыналарды:

- 1) талапкердің өз зерттеу тақырыбы бойынша зерттеулер мен әдебиеттерді жақсы білетінін;
- 2) зерттеу мәселесінің өзектілігінің негізділігін;
- 3) зерттеу тақырыбының мемлекеттік басқару мен дипломатияның басты бағыттарына сәйкес келуін;
- 4) талапкердің өзінің зерттеу жұмысын жоспарлай білу қабілетін айқындауына мүмкіндік беруі тиіс.

Зерттеу жоспары міндетті түрде мынадай компоненттерді қамтуы тиіс:

- 1) зерттеу жұмысының жұмыс атауы;
- 2) зерттеуші шешетін мәселелерді (сұрақтарды) белгілеу;
- 3) әдебиеттерге қысқаша шолу және зерттеудің жаңашылдығын негіздеу;
- 4) зерттеу әдіснамасы – деректерді жинау, өңдеу және талдау әдістері;
- 5) алдын ала зерттеу сызбасы кесте түрінде – зерттеу кезеңдерінің жүйелілігі және әрбір кезеңді іске асыру үшін қажет болатын уақыт;
- 6) библиография – жұмыстың сипаттамасында көрсетілген әдебиет, сондай-ақ зерттеу тақырыбы бойынша басқа да маңызды ғылыми зерттеулер.

Ғылыми еңбектер тізімі

(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

№ р/р	Атауы	Жұмыс сипаты*	Шығыс мәліметтер	Жалпы көлемі, б.б., соның ішінде ізденушінің қосқан үлесі	Тең авторлар
1	2	3	4	5	5

*монография, оқулық, оқу құралы, мақала және т.с.

20__ ж. «____» _____

(қолы)

Ғылыми еңбектердің тізімі

(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

№ р/с	Атауы	Жұмыстың сипаттамасы *	Шығыс деректері	Жалпы көлемі, б.т., оның ішінде ізденушінің үлесі	Бірлесіп жазған авторлар
1	2	3	4	5	6

* монография, оқулық, оқу құралы, мақала және т.с.с.

« ____ » _____ 20__ ж.

(қолы)

Қазақстан Республикасы
Президентінің жанындағы
Мемлекеттік басқару
академиясына оқуға
қабылдау қағидаларына
6-қосымша

Нысан

**Құжаттарды қабылдау туралы талон/
Талон о приеме документов**

Талапкер _____
Абитуриент (ТАӘ / ФИО)

Қабылданған құжаттар / принятые документы:

- өтініш / заявление _____
- диплом көшірмесі, сериясы / копия диплома серия _____ № _____
- сертификат (APTIS, IELTS, TOEFL), сериясы _____ № _____
- Жеке іс парағы / Личный листок _____
- 086-У мед. анықтамасы / мед.справка 086-У _____
- Мемлекеттік органның жолдамасы / Направление гос.органа _____

- Мотивациялық эссе / Мотивационное эссе _____
- Мамандық бойынша эссе / Эссе по специальности _____
- Зерттеу жұмысының жоспары / План исследовательской работы _____

Осы талон әр тарапқа бір-бірден 2 данада жасалды.

Настоящий талон составлен в 2-х экземплярах, по одному для каждой стороны.

Құжаттарды тапсырды / Документы сдал(а) _____

Құжаттарды қабылдады / Документы принял(а) _____

20__ ж. «__» _____

20__ ж. «__» _____

Қазақстан Республикасы
Президентінің жанындағы
Мемлекеттік басқару
академиясына оқуға
қабылдау қағидаларына
7-қосымша

Нысан

Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі № 88-V Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясына жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары, біліктілікті арттыру бағдарламалары бойынша құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік қызметін көрсетуге құжаттарды қабылдаудан Сіздің мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық емес пакетін және (немесе) әрекет ету мерзімі өткен құжаттарды ұсынуыңызға байланысты бас тартады, атап айтқанда:

Жоқ құжаттардың және (немесе) әрекет ету мерзімі өткен құжаттардың атауы:

- 1) _____;
- 2) _____;
- 3) _____.

Осы қолхат әр тарапқа бір-бірден 2 данада жасалды.

Тапсырдым: көрсетілетін қызметті берушінің Т.А.Ә./ қолы _____

Алдым: көрсетілетін қызметті алушының Т.А.Ә./ қолы _____

20 ____ жылғы « ____ » _____

Қазақстан Республикасы
Президентінің жанындағы
Мемлекеттік басқару
академиясына оқуға қабылдау
қағидаларына
8-қосымша
Нысан

(Талапкердің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тұратын жерінің/электрондық поштасының адресі)

Хабарлама

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы (бұдан әрі – Академия) Сіз _____ білім алушы ретінде Академияға _____ (талапкердің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) **қабылданбағаныңыз туралы хабардар етеді.**

(лауазымы)

(қол қоюшының тегі, аты-жөнінің бірінші әріптері)

Қазақстан Республикасы
Президентінің жанындағы
Мемлекеттік басқару
академиясына оқуға
қабылдау қағидаларына
9-қосымша

**Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің
білім беру бағдарламалары бойынша оқытуды
ұйымдастыруға арналған шарт**

Нұр-Сұлтан қ. 20__ жылғы «__» _____

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті берген, 2009 жылғы 2 қарашадағы тіркеу № 0137339 сериясы АБ, білім беру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия негізінде білім беру қызметін жүзеге асыратын «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, бұдан әрі «Академия» деп аталатын, _____ негізінде әрекет ететін, _____, бір жағынан, бұдан әрі «Білім алушы» деп аталатын, Қазақстан Республикасының азаматы(шасы) _____, екінші жағынан, бірлесіп «Тараптар», ал жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар, төмендегілер туралы осы Шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты:

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Осы Шарттың мәні _____ білім беру бағдарламасы бойынша Академияда Білім алушы үшін оқу процесін ұйымдастыруға байланысты құқықтық қатынастар болып табылады.

1.2. Оқу мерзімі – _____ және _____ аралығын құрайды.

1.3. Білім беру қызметтерін көрсету орны: Нұр-Сұлтан қ., Абай д., 33а.

2. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Академия құқылы:

2.1.1. Білім беру бағдарламасын, білім беру процесін өз бетінше немесе әріптестермен бірлесіп жүзеге асыруға, оларды жүзеге асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемдерін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне және Академияның актілеріне сәйкес анықтауға;

2.1.2. Білім алушыдан Академияның Ішкі тәртіп ережесіне және осы Шартқа сәйкес міндеттерін адал және тиісінше орындауын, оқу тәртібі мен жалпы қабылданған мінез-құлық нормаларын сақтауын, оның ішінде Академияның профессор-оқытушылар құрамына, оқу-қосалқы және өзге де персоналына және басқа білім алушыларға құрмет көрсетуін, олардың ар-намысына тимеуін талап етуге;

2.1.3. Білім алушыдан Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, Академияның мүлкіне келтірілген зиянды өтеуін талап етуге;

2.1.4. Қазақстан аумағында ерекше жағдай режимі, төтенше жағдай немесе карантиндік шаралар енгізілген жағдайда уәкілетті мемлекеттік органдардың шешімі бойынша ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (бейне-конференцбайланыс, Microsoft Teams, Moodle, Zoom, скайп, Turnitin, «Platonus» ААЖ, LMS Canvas және т.б.) пайдалана отырып, оқытуды онлайн (қашықтықтан) форматқа көшіруге.

2.1.5. ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының 108-тармағына сәйкес докторантураның білім беру бағдарламасын мерзімінен бұрын игерген және диссертацияны сәтті қорғаған жағдайларда докторантқа оқу мерзіміне қарамастан философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесі

**Договор
на организацию обучения по образовательным
программам послевузовского образования**

г. Нур-Султан «__» _____ 20__ года

Республиканское государственное казенное предприятие «Академия государственного управления при Президенте Республики Казахстан», именуемое в дальнейшем «Академия» осуществляющее образовательную деятельность на основании лицензии на право осуществления образовательной деятельности от 2 ноября 2009 года регистрационный № 0137339 серия АБ, выданной Комитетом по контролю в сфере образования и науки Министерства образования и науки, в лице _____, действующего на основании _____ с одной стороны, и гражданин (ка)

Республики

Казахстан _____

именуемый (ая) в дальнейшем «Обучающийся», с другой стороны, совместно именуемые Стороны, а по отдельности «Сторона» заключили настоящий Договор (далее - Договор) о нижеследующем:

1. ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА

1.1. Предметом настоящего Договора являются правоотношения, связанные с организацией учебного процесса в Академии для Обучающегося по образовательной программе _____.

1.2. Период обучения составляет с _____ по _____ г.

1.3. Место оказания образовательной услуги: г. Нур-Султан, пр.Абая, 33а.

2. ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ СТОРОН

2.1. Академия вправе:

2.1.1. Осуществлять самостоятельно либо совместно с партнерами образовательную программу, образовательный процесс, определять способы и методы их реализации, критерии оценки результатов обучения в соответствии с нормативными правовыми актами Республики Казахстан и актами Академии.

2.1.2. Требовать от Обучающегося добросовестного и надлежащего исполнения обязанностей в соответствии с Правилами внутреннего распорядка Академии и настоящим Договором, соблюдения учебной дисциплины и общепринятых норм поведения, в том числе проявление уважения к профессорско-преподавательскому, учебно-вспомогательному и иному персоналу Академии, и другим обучающимся, не посягать на их честь и достоинство.

2.1.3. Требовать от Обучающегося возмещения ущерба, причиненного имуществу Академии, в соответствии с законодательством Республики Казахстан

2.1.4. В случае введения на территории Казахстана режима чрезвычайного положения, чрезвычайной ситуации или карантинных мер по решению уполномоченных государственных органов перевести обучение на онлайн (дистанционный) формат с использованием информационно-коммуникационных технологий (видео-конференцсвязь, Microsoft Teams, Moodle, Zoom, скайп, Turnitin, АИС Platonus, LMS Canvas и др.).

2.1.5. В соответствии с пунктом 108 Государственного общеобязательного стандарта образования РК, в случаях досрочного освоения образовательной программы

